



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

is V3

+ _____ are _____.

am

is not V3

– _____ are _____.

am

? is

are _____ V3 _____.

Мәтіндермен жұмыс істеудің соңғы кезеңі- студенттердің суреттерге сүйенбей ақ мәтіндерді аударуы.

Осылайша, грамматика оқыту барысында әдетте қолданылуда көрнекілік элементтері ретінде абстракттық, сызбалық суреттер, белгілер, қарапайым суреттер және олардың түрлі комбинациялары. Құрылымдық элементтерді анық көрсету үшін түс, қаріп, көрсеткілер және анимациялық графика қолданылады.

Визуализация көрнекіліктің барлық түрлері мен жанрларын қамтуы тиіс, атап айтқанда: көрнекі, есту, дәм сезу, сенсорлық; пәндік: объективті, логикалық және аналогтық кескіндер. Оларды пайдалану әдістемелік жағынан тиімді болуы тиіс. Кез келген көрсетіліп тұрған элемент бірнеше функцияларды орындауы керек, алайда олардың біреуі қалғандарынан әрдайым басым болып келеді.

Бізбен сипатталған әдіс кешеніне құрылымдық яғни, компьютерлік технологиялармен Power Point, Prezi презентациялары кіреді. Біздің ойымызша Power Point немесе басқа да компьютерлік технологияларды ағылшын тілін оқыту үрдісіне енгізу кейбір материалдарды түсіндірудің және осы ақпараттың ағылшын тілінде қабылдануының ең тиімді жолдарының бірі. Соның нәтижесінде оқушылар түрлі технологиялық жабдықтарды қолдана отырып, болашақта өздеріне керекті көпдеген дағдыларды қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Беляева Л. А., Иванова Н. В. Презентация PowerPoint и ее возможности при обучении иностранным языкам // Иностран. Языки в школе. – 2008. – № 4. – 36-40 б.
2. Бузина Д.И. PowerPoint на занятиях английского языка: быть или не быть? Полилог культур: один мир – многообразие языков: Сб. науч. тр. / Под ред. Т. В. Шульдешова; Яросл. гос. ун-т. – Ярославль: Изд-во ЯрГУ, 2009. – 196- 200 б.
3. Бутко Г. В. Наглядные пособия на уроках английского языка // ИЯШ. – 1998. - №2. 51-52 б.
4. Мишеа Р. Структуры // Методика преподавания иностранных языков за рубежом / Под ред. Н. Беляевой. – М.: Прогресс, 1967. – 269-276 б.

УДК 378.147:811.111

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА SILENTWAY ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Смайл Назерке Тойбекқызы

nazek-st@mail.ru

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студенті,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.А.Қожахметова

Қазіргі сабақ оқушының жас ерекшелігі мен қызығушылығын ескере отырып, мұғалім мен оқушы өзара іс-әрекет нәтижесінен қанағаттану сезімін ала алатындай етіп құрылуы тиіс. Сондай-ақ, қазіргі сабақ – шетелдік педагогикалық технологияларды қазақстандық технологиямен ұштастырған заман ағымына сай болуы керек.

Қазіргі заман талабына сай ағылшын тілі пәнін оқыту да жаңа тақырыптарды оқушылардың өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады [1].

Ағылшын тілі сабағында оқушының тілді қарым қатынаста қолдана алу қабілетін дамытуға арналған жұмыс түрлеріне көбірек көңіл бөлінеді. Бұдан күтілетін нәтиже: оқушылар бойында коммуникативтік және әр түрлі деңгейдегі мәселелерді шешу күзiреттiлiктерi мен бiрте-бiрте оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру болып табылады [2]. Осы дағдылардың негізінде жасалған бірнеше әдістердің бірі Silent way әдісі.

Шетелдердегі білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал әдістердің бірі Калев Гаттенхоның Silent way әдісі. Гаттенхо 1963 жылы «Мектептерде шет тілдерін оқыту: Silent way» атты кітабында осы әдісті алғаш рет ұсынды.

Silent way әдісінде оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына ерекше назар аударылады. Мақсатқа жету құралы ретінде үнсіздік қолданылады, яғни мұғалім ол арқылы оқушылардың назарын аударады, олардың жауаптарын анықтайды және қателерін түзету үшін ынталандырады. Silent way ағылшын тілін оқытудың вербалды емес әдіс түріне жатады. Бұл әдісте тіл біліміне, үйренуге деген қызығушылық оқушыда бастапқы кезден болуы тиіс. Мұғалімнің басты міндеті оқушыға кедергі келтірмеу, яғни оқушы қателік жасаған кезде оны бірден түземей, қатесін өзі анықтап түсінуге және түзетуге мүмкіндік беруі керек. Осы әдіспен жұмыс жасаған кезде мұғалім көптеген көрнекіліктерді (карточка, кесте және т.б.) пайдалану арқылы сабақты түсіндіреді.

Silent way-дің басқа әдістерге қарағанда ерекшелігі – оқулықтардың қолданылмауы. Жоғарыда атап өткендей оқыту тек түрлі көрнекіліктердің көмегімен өткізіледі. Гаттенхо әдісті өзінің тәжірибелеріне негіздеп анықтады және оны ары қарай дамытты. Бұл әдісте оқушы сабақ барысында өзіне жаңалықтар аша алады және өзі түсінуге тырысу арқылы батыл және тәуелсіз болып қалыптасуына мүмкіндік алады. Silent way-дің кемшілігіне уақытты жатқызуға болады, себебі баланың дәрісті өзі түсінуі өте көп уақытты қажет етеді. Бұл әдіс өте баяу, өйткені мұнда сабақтың сапасына көп көңіл бөлінеді.

Бұл әдістің мақсаттары:

- оқушы тілді үйрену арқылы өз ойын еш қиындықсыз жеткізе алу;
- мұғалімнен тәуелсіз бола білу;
- оқушылар арасындағы өзара байланысты күшейту;
- өз қателіктерін түсіну арқылы танымдарын дамыту.


Оқу үрдісінде қолданылатын әр түрлі көрнекіліктер оқу үрдісін әлдеқайда жеңілдетеді. Диаграмма, схема, карточкалар оқушылардың назарына тез ілігіп сабақты оңай жүргізуге көмектеседі, сондай-ақ көрнекіліктермен жұмыс жасау балаларға қызықты болып көрінеді. Оларды оқушылар басқа нәрселермен ассоция жасау арқылы есінде сақтайды. Психологиялық тұрғыдан алып қарастырған кезде де көрнекіліктер есте сақтау қабілетіне қатты әсер ететіні белгілі. Осыған орай, бастауыш сынып оқушыларымен келесі жаттығулар түрін жүргізуге болады:

• Суреттермен жұмыс жасау.

“Travel around the world” ойыны. “Is - Are” көмекші етістіктерімен жұмыс. Is – солға қарай жүреді, are – оңға.

1. *He ...sleeping.* (солға қарай 1-ден 2-ші нүктеге дейін)
2. *We ...tall and slim.* (оңға қарай 2-ден 3-ші нүктеге дейін)
3. *There ...some flowers in the vase.* (оңға қарай 3-ден 4-ші нүктеге дейін)
4. *... there a table in the kitchen?* (солға қарай 4-ден Cape town-ға дейін)

Түрлі жолдар арқылы саяхаттай отырып, оқушы Cape town қаласына жетуі керек. Оқушы грамматикалық қателік жіберген жағдайда ол басқа қалада болады. *Is-are* көмекші етістіктерінің орнына *has-have, does-do, did-do*, дұрыс және бұрыс етістіктерді және т.б. қолдануға болады. Қателіктер міндетті түрде дұрыс сөйлемдерді қайталау арқылы жүргізіледі. (1-сурет).



1-сурет

- Silent way-ді “Бұзылған телефон” ойынын ойнатқан кезде қолдануға болады. Бірінші оқушыға сөйлем немесе фразалық тіркес айтылады, ол оны келесі оқушыға өзгертпей айтуы керек, солай келе ең соңғы оқушы айтылған сөздерді бұлжытпай дауыстап айтып беруі тиіс. Бұл ойынды кинестетикалық қабылдауы жақсы оқушылармен ойнатқан тиімді, себебі оның есте сақтау және қабылдау қабілеті жақсы дамыған болып саналады.

- Жазу және жобалар. Вербалды емес әдістерге жеке хаттар мен жазбаша жобаларды да жатқытуға болады. Бастауыш сынып оқушылары бұл жұмыстарды аса шығармашылықпен орындайды. Бұл әдіс ең тиімді, аса қиын емес және әмбебап оқыту әдістерінің бірі болып табылады. Бұл технология оқыту процесін жетілдіруге, оны тиімдірек етуге, сондай-ақ оқытуға ынталандыруды қалыптастыруға және одан әрі дамытуға арналған. Оқушыларға төмендегідей қызықты тақырыптарға хат жаздыруға болады:

- «Досыңызға жазған электрондық хат»,
- «Шақыру»,
- «Ең қызықты жануарлар»,
- «Қаланың кешегі және бүгінгі жағдайы»,
- «Динозаврлар» және тағы басқа.

Шет тілін оқытуда Silent way-ді қолдану оқыту тиімділігін арттыруға көмектеседі, сонымен бірге оқушылардың шығармашылық потенциалын жетілдіруде маңызы зор құрал болып табылады. Мұғалім сыныпта басты рөлді өзіне алмаған кезде оқушы берілген материалдарды ешкімнің көмегінсіз тек өзі түсіну керектігін ұғады және барлық зейінін сабаққа аударуға тырысатын болады. Соның арқасында оқушы кейін де дербес және тәуелсіз жұмыс жасай алатын болады. Гаттенъо әдісіндегі негізгі инновация мен мақсат та осыған негізделген болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Республикалық әдістемелік педагогикалық журнал. Мектептегі шет тілі. №1 (17). 2005.
2. Волков Б.С., Волкова Н.В. Задачи и упражнения по детской психологии: Учеб.пособ. для студ.пед.ин-тов. – М.: Просвещение., 1991, -144 б.]
3. Тоқсанбаева Н.Қ. Жубаназарова Н.С. Баланың танымдық іс-әрекетін дамытудағы қарым-қатынастың ролі.//Вестник КазНУ.Серия психологии и социологии. №2 (11). – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 125 с.].
4. Психология обучения иностранного языка.-Межвузовский сборник – 2. – Ленинград. 1977.